

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығын ақпараттық қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1172 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпан-Ата қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығын ақпараттық қамтамасыз ету туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығын ақпараттық қамтамасыз ету туралы
КЕЛІСІМ**

(2011 жылғы 3 қаңтарда күшіне енді -

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2011 ж., № 2, 17-құжат)**

А р н а й ы
б е к і т і л г е н
мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің
Ү к і м е т т е р і ,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтері басшылары Кеңесінің 1996 жылғы 18 қазандағы шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпараттық кеңістігін құру тұжырымдамасы негізінде және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығы туралы халықаралық қауымдастықты уақтылы және объективті ақпараттандыру мақсатында,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері ақпараттық құрылымдары ынтымақтастығының қажеттігін ескере отырып,
төмендегілермен келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін төменде көрсетілген терминдер мыналарды білдіреді:

ақпарат - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығындағы қарулы күштер, адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы ашық мәліметтер;

әскери ынтымақтастықты ақпараттық қамтамасыз ету - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің халықаралық қауымдастығын, мемлекеттік органдарын, халықтың және қарулы күштерінің жеке құрамын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әскери ынтымақтастық туралы, соның ішінде бірлесіп өткізген оқу-жаттығулар мен өзге де іс-шаралар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарының әскери-саяси ынтымақтастық мәселелері туралы шешімдері туралы а қ п а р а т т а н д ы р у ;

ақпарат органдары - Тараптардың, қарулы күштердің органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары, олардың құзыреті шегінде ақпаратты іздеу, алу, өңдеу, сақтау және тарату тапсырылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Әскери ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі штаб.

2-бап

Тараптар ақпарат органдарына қолайлы жағдай жасайды және өзара бұқаралық ақпарат құралдарында оны іздеу мен алуда, өңдеуде, сақтау мен таратуда тікелей екіжақты және көпжақты өзара іс-қимыл жолымен ақпаратпен өзара алмасуды да м ы т у ғ а ш а р а л а р қ о л д а н а д ы .

Бұл ретте ақпарат органдары бір-бірімен тікелей байланыс жасауы мүмкін.

3-бап

Әрбір Тарап тіркелген редакциялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне іскерлік қарым-қатынасты орнату және ақпарат материалдарын теле- және радиорепортаждарды дайындауды қоса алғанда, олардың кәсіби міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасауда басқа Тараптардың тілші пункттеріне тиісті түрде жәрдем көрсететін болады.

4-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекеттердің Әскери ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі штабының өтініші бойынша ақпараттарды тарату үшін әскери ынтымақтастық шеңберінде бірлескен іс-шараларды

өткізу кезінде мемлекеттік телерадио ұйымының телерадио студияларында эфирлік уақыт беруге жәрдемдеседі. Таратылатын ақпараттың мазмұны эфир уақытын берген Тараппен келісіледі.

5-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекеттердің аумақтарында заңды негізде таратылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығы мәселелері туралы теле-, радио бағдарламаларын ұйымдастыруға, олар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тиісті байланыс жүйелерін пайдаланған кезде журналистер дайындаған материалдарын өз редакцияларына беруге жәрдемдесетін болады.

Тараптар қажет кезінде теле- және радио бағдарламаларды өзара тарату шарттары мен тәртібін айқындайтын жеке келісімдер жасауы мүмкін.

6-бап

Егер оны берген ақпарат органымен келісілмесе, ақпарат кез келген біреуге таратылуы немесе берілуі мүмкін емес. Ақпарат органдары ақпаратты беру немесе ақпараттық қызмет көрсету туралы сұрау салу және өтініш жіберген кезде осымен байланысты барлық немесе шығындарды өзіне алады.

7-бап

Осы Келісімге қатысушылары Тараптар болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімді талқылау және қолдану кезіндегі даулар және келіспеушіліктер Тараптардың консультациялар мен келіссөздер жолымен жасалған келісімі бойынша шешілетін болады.

9-бап

Осы Келісім депозитарий Келісімге қатысушы барлық мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Хаттамалар осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген тәртіппен күшіне енеді.

11-бап

Келісім 10 жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар өзгелер туралы шешім қабылдаса, келесі 10 жыл кезеңіне автоматты түрде созылатын болады.

Әрбір Тарап осы Келісімнен депозитарийге шығуы мүмкін күніне дейін 6 айдан кешіктірмей ол туралы жазбаша түрде хабарлама жіберу жолымен шыға алады.

2004 жылғы 16 сәуірде Чолпан-Ата қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Түрікменстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Украина Республикасының